

СОТТЫҚ ДӘЛЕЛДЕУ ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР



ЖОСПАР:

1. Сот дәлелдеудің түсінігі, мақсаты. Дәлелдемелердің түрлері.
2. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету.
3. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар. Сараптама тағайындау.


Негізгі ұғымдар: дәлеледеме, дәлелдеу, жазбаша дәлелдеме, заттай дәлелдеме, тараптардың түсініктемелері, куәнің айғақтары, сарапшының қорытындысы.

Сот талқысының мақсаты- азаматтар мен мекемелердің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау, істің ақиқатына жету болып табылады. Ақиқатты айқындау процесі –дәлелдемелерді зерттеу арқылы іске асырылады. Дәлелдемелердің пәнін айқындау арқылы дәлелдеуге тиісті фактілерді табуға болады. Осы фактілерді дәлелдей отырып сот өзінің негізгі мақсатына жетеді. Заңмен көзделген тәртіпте сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың бар –жоғын сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзге де маңызы бар мән-жайларды солардың негізінде анықтайтын заңды түрде алынған нақты деректер іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Бұл нақты деректер тараптардың және III тұлғалардың түсініктемелеріннен, куәлардың айғақтарымен, заттай дәлелдемелермен, сарапшылардың қорытындылармен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен айқындалады. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді. Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды тараптардың және іске қатысушы басқа да тұлғалардың тараптары мен қарсылықтарының негізінде, материалдық және іс жүргізу құқығының қолдануға тиіс нормаларын ескере отырып, сот анықтайды, сондай-ақ сот тараптарға және іске қатысушы басқа да тұлғаларға істі дұрыс шешу үшін қажетті қосымша дәлелдемелер табыс етуді ұсынуға құқылы


Егер тараптар дәлелдемелерді сұратып алдыруға көмектеседі, яғни қажет болған жағдайда, сот оладың өтініші берген адамға дәлелдемені алу үшін сұрату береді. Соттың талап еткен дәлелдемесі бар тұлға оны тікелей сотқа жібереді немесе сотқа табыс ету үшін тиісті сұратуы бар адамның қолына береді.

Егерде сот дәлелдеме талап еткен, оны сот белгіленген мерзімде беруге мүмкіндігі жоқ лауазымды немесе өзге тұлға соттың сұратуын алған күннен бастап 5 күн мерзім ішінде себебін көрсетіп, бұл туралы сотқа хабарлауға міндетті.



Егерде хабарламаса, немесе соттың талабы сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша орындалмаса, онда лауазымды тұлға немесе өзге адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңға сәйкес әкімшілік жазаға тартылады, ал қасақана орындалмаса онда қылмыстық жауапқа тартылады. Егерде дәлелдеме іс үшін маңызы мән-жайларды бар екендігі туралы расталса, онда дәлелдемені сот іске қатысты деп санайды.

НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР, ЕГЕР ОЛАР ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗА ОТЫРЫП, ІСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢМЕН КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫНАН АЙЫРУ НЕМЕСЕ СОТТА ҚАРАҒАНДА АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТТІҢ ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗА ОТЫРЫП, ОНЫҢ ІШІНДЕ:





Сот жалпыға белгілі деп таныған мән-жайларды дәлелдеуді қажет етпейді. Соттың бұрын қараған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімімен белгіленген мән-жайларды сот үшінті міндетті және сол адамдар қатысатын басқа азаматтық істерді талқылау кезінде қайтадан дәлелденбейді. Сондай-ақ заңға сәйкес анықталадыднп ұйғарырған фактілер азаматтық істі талқылау кезінде дәлелденбейді. Мынадай мән-жайлар:

- 
- 
- осы заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпшілікте жалпы қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы;
 - адамның заңды білуі;
 - адамның өзінің қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі, дәлелдемелерсіз анықталған мән-жайлар болып есептеледі
 - өздері үшін қажетті дәлелдемелерді ұсыну соңынан мүмкін болмайды немесе қиындық келтіреді деп қауіптенуге негізі бар іске қатысушы адамдар соттан осы дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы сұрай алады.



Дәлелдемелерді қамтамасыз ету куәлардан жауап алу , сараптама жүргізу, оқиға болған жерді қарап шығу және басқа да әдістер арқылы жүргізіледі. Осы дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс жүргізу әрекеттері жасалуға тиісті аумақ бойынша беріледі. Бұл өтініште қамтамасыз етулуге қажетті дәлелдемелер растау үшін осы дәлелдемелер қажет мән-жайлар, өтініш берушіні қамтамасыз ету туралы өтініш жазуға итермелеген себептер, сондай-ақ қамтамасыз етілетін дәлелдемелер қажет болып отырған іс көрсетілуге тиіс. Бұл өтінішті қарау нәтижесі бойынша сот ұйғарым шығарады.

Мұндай өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы судьяның ұйғарымна шағым берілуі мүмкін. Өтініш беруші және іске қатысушы басқа да тұлғалар дәлелдемелерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі бұл өтінішті қарауға кедергі болып табылмайды. Әрбір дәлелдеме- қатыстылығы, растығы, ал барлық жиналған азаматтық істі шешу үшін жеткілікті тұрғысынан бағалануға тиісті. Дәлелдемелердің жиынтығы, егерде іске қатысты дәлелдеуге жататын сенімді дәлелдемелер жиналса, азаматтық істі шешу үшін жеткілікті болыр табылады.

3. ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ ТҮРЛЕРІНЕ:



- тараптардың және III тұлғалардың түсініктемелері, яғни осы тұлғалардың іс үшін маңызы бар , өздеріне белгілі мән-жайлар туралы түсініктемелері, іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелермен қатар тексеруге және бағалауға жатады. Көрсетілген тұлғалардың түсініктемелері ауызша және жазбаша болуы мүмкін.
-куәнің айғақтары.



Өкілдің немесе қорғаушының міндетін атқаруына байланысты өздеріне белгілі болған мән-жайлар туралы азаматтық іс бойынша өкілдер немесе қылмыстық іс бойынша қорғаушылар;
діни қызметшілер;
судьялардан куәлар ретінде жауап алуға болмайды.



Куәні шақыру туралы өтініш жасаған адам оның тегін.атын,Әкесінің атын, және тұрратын жерін хабарлауға тиіс Ал куәретінде шақырылған адам сотқа тағайындалған уақытта келуін және шынайы айғақ беруге міндетті. Науқастығының, қарттығының, мүгедектігінің немесе басқа да дәлелді себептерінің салдарынан соттың шақыруы бойынша келуге жағдайы болмаса, сот куәдан, өзі барған жерінде жауап алуы мүмкін.




жазбаша дәлелдемелер ,яғни іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметті қамтитын актілер ,құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар жазбаша дәлелдемелер болып табылады. Егер құжаттарда ұйымдар, лауазымды адамдар баяндалғане немесе куәландырылған мәліметтер азаматтық іс үшін маңызы болса, дәлелдемелер болып табылады. Құжаттарға талап етілген немесе табыс етірген компьютерлік хабарламаны қамтитын материалдар, фото, кино түсімдер дыбыс және бейне жазбалар жатады.

■ ӘР ТАРАП ӨЗІНІҢ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАРСЫЛЫҚТАРЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ СІЛТЕМЕ ЖАСАЙТЫН МӘН-ЖАЙЛАРДЫ ДӘЛЕЛДЕУІ ТИІС.

ДӘЛЕЛДЕУДІҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ БОЛЫП ТАРАПТАР ЖӘНЕ ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ БАСҚА ДА ТҰЛҒАЛАР БОЛАДЫ, ЯҒНИ ТАРАПТАР ДЕГЕНДЕ, ТАЛАПКЕР МЕН ЖАУАПКЕРДІ ТҮСІНЕМІЗ.

НЕГІЗІНЕН, ДӘЛЕЛДЕУДЕН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІНІҢ 71-БАБЫНЫҢ НОРМАЛАРЫМЕН РЕТТЕЛЕДІ. ЯҒНИ,

- 
- 
- 1. Сот жалпыға белгілі деп таныған мән-жайлар дәлелдеуді қажет етпейді.
 - 2. Соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімімен белгіленген мән-жайлар сот үшін міндетті және сол адамадар қатысатын басқа азаматтық істерді талқылау кезінде қайтадан дәлелденбейді.
 - 3. Соттың қылмыстық іс бойынша күшіне енген талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылатын үкімі оған қатысты соттың үкімі болған тұлға әрекеттерінің азаматтық-құқықтық салдары туралы істі қараған сот үшін міндетті. Заңды күшіне енген сот үкімі мұндай азаматтық істі қараған сот үшін, осы іс-әрекеттер орын алды ма және оларды осы адам жасады ма деген мәселелер бойынша, сондай-ақ үкіммен белгіленген мән-жайларға және олардың құқықтық бағасына қатысты да міндетті болып табылады.
 - 4. Заңға сәйкес анықталды деп ұйғарылған фактілер азаматтық істі талқылау кезінде дәлелденбейді. Мұндай ұйғарым жалпы тәртіппен теріске шығарылуы мүмкін.

5.Егер тиісті құқықтық ресімдер шеңберінде керісінше дәлелденбесе, мына мән-жайлар:



- Осы заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпшілікте жалпы қабылданбаған зерттеу әдістерінің дұрыстығы;



- Адамның заңды біліуі;
- Адамның өзінің қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі;



- Олардың бар екендігін растайтын құжатты ұсынбаған және арнаулы даярлық немесе білімнің болмауы дәлелдемелерсіз анықталған мән-жайлар болып есептеледі.



A large, empty rectangular box with rounded corners and a thin dark blue border, intended for text input.

A second large, empty rectangular box with rounded corners and a thin dark blue border, identical in style to the first one.

A third large, empty rectangular box with rounded corners and a thin dark blue border, identical in style to the others.

- Сот тараптарға және іске қатысушы басқа да тұлғаларға істі дұрыс шешу үшін қажетті қосымша дәлелдемелер табыс етуді ұсынуға құқылы.
- Өздері үшін қажетті дәлелдемелерді ұсыну соңынан мүмкін болмайды немесе қиындық келтіреді деп қауіптенуге негізі бар іске қатысушы адамдар соттан осы дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы сұрай алады.
- Дәлелдемелерді қамтамасыз ету куәлардан жауап алу, сараптама жүргізу, оқиға болған жерді қарап шығу және басқа да әдістер арқылы жүргізіледі.
- Дәлелдемелерді қамтамасыз етуді Азаматтық процестік кодексінде белгіленген ережелер бойынша судья жүргізеді.
- Істің сотта туындауға дейін дәлелдемелерді қамтамасыз етуді заңдармен көзделген тәртіппен сотта нотариустар немесе консулдық мекемелердің лауазымды адамадры жүргізеді. Өтініш беруші және іске қатысушы басқа тұлғалар дәлелдемелерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтінішті қарауға кедергі болып табылмайды.
- Хаттамалар және дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібімен жиналған нәрсеніңі іске қатысушы тұлғаларға хабарлана отырып, істі қараушы сотқа береді.

3. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІНЕ КЕЛЕТІН БОЛСАҚ, ОЛАРҒА: ТАРАПТАРДЫҢ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕРІ, КУӘНІҢ АЙҒАҚТАРЫ, ЖАЗБАША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР, ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР, САРАПШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰЖАТТАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Тараптардың және үшінші тұлғалардың іс үшін маңызы бар, өздеріне белгілі мән-жайлар туралы түсініктемелері іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелермен қатар тексеруге және бағалауға жатады. Көрсетілген тұлғалардың түсініктемелері ауызша және жазбаша болуы мүмкін.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қандай да болмасын мәліметтер өзіне белгілі болған тұлға куә болып табылады. Адамның айғағы, егер ол өзінің хабардар болу көзін көрсете алмаса, дәлелдеме деп табылмайды. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар жазбаша дәлелдемелер болып табылады.



Егер заттар Өзінің сыртқы түрімен, қасиеттерімен немесе өзге де белгілермен іс үшін маңызы бар мән-жайды анықтау құралы бола алады деп ұйғаруға негіз болса, олар заттай дәлелдемелер деп танылады. Заттай дәлелдемелер істе сақталады немесе айырықша тізілім бойынша соттың заттай дәлелдемелер сақтау камерасына өткізіледі. Сот заттай дәлелдемелерді өзгеріссіз қалпында сақтауға шара қабылдайды.

Сарапшының қорытындысы- бұл сарапшының алдына сот немесе тараптар қойған мәселелер бойынша іс материалдарын зерттеуге, оның ішінде арнайы ғылыми білімдерді пайдалана отырып жүргізілген заттай дәлелдемелер мен үлгілерге негізделген Азаматтық іс жүргізу Кодексінде көзделген жазбаша нысанда ұсынылған қорытындылар.

4. ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР – ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУ МАҚСАТЫНДА, СОНДАЙ-АҚ СОТ ОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ МАҚСАТЫНДА ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ЖӨРДЕМ КӨРСЕТУ ҮШІН СОТ МАМАН ШАҚЫРУЫ МҮМКІН. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУҒА, ЕГЕР ОЛАР:

1. заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен принциптеріне қайшы келмесе;
2. ғылымилығы жарамды болса;
3. іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;
4. қауіпсіз болса, жол беруге болады деп танылады.

- 
- 
- Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану тарап ұсынған анықтамамен белгіленеді немесе ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды пайдаланудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, сот жүргізген тиісті іс-жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетіледі.
 - Сараптама сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар анықталуы мүмкін жағдайда тағайындалады. Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушы өзге адамдардың мұндай білімнің болуы сотты тиісті жағдайларда сараптама тағайындау қажеттігінен босатпайды.
 - Істе ревизия, тексеру актілерінің, ведомстволық инспекциялар қорытындыларының, сондай-ақ мамандардың жазбаша консультацияларының болуы сарапшының қорытындысын ауыстырмайды және сол мәселелер бойынша сот сараптамасын тағайындау мүмкіндігін жоққа шығармайды.



Сарапшы ретінде арнайы ғылыми білімі бар іске мүдделі емес адам шақырылуы мүмкін. Сот сараптамасын жүргізу:

- сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзіге асыратын адамдарға;
- заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

Сараптаманың тағайындалуы туралы сот ұйғарым шығарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- <http://www.lib.turan-edu.kz/auth/login> Нурмашев Ү.Ө., Нурмашева Ф. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Алматы Жеті жарғы 2009 Нурмашев Ү.,
- Байжанова К. Практикум по гражданско— процессуальному праву Республики Казахстан Алматы .Нурпрес 2011 Баймолдина З.Х.
- Гражданское процессуальное право РК. Т.1-2. Алматы, 2011 Новгуманова Г.С. Альбом схем по дисциплине. Гражданское процессуальное право РК. Уч- метод пособие, Костанай, 2016
- Егембердиев Е.О. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы: оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. Ильясова Г.А.
- ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы (Ерекше бөлімі): оқу құралы.- Қарағанды: Санат-Полиграфия, 2006. Қамбарова Н. Ш. Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы (альбом-кесте).— Алматы, 2009



Назарларыңызға рахмет!